

15524



ҰЛЫ ОТАН
СОҒЫСЫНЫҢ
БАТЫРЛАРЫ



Б. Мұстафин

ЖӘЛЕЛ
ҚИЗАТОВ

28/III/22 Caguvoces

vpt

ҰЛЫ ОТАН
СОҒЫСЫНЫҢ
БАТЫРЛАРЫ



Б. Мұстафин

ЖӘЛЕЛ
ҚИЗАТОВ

O u e r k

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ — 1975

9(С)27+Каз 2
М 86

БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАР ӘДЕБИЕТІНІҢ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Мұстафин Бақыт.

Жәлел Қиазатов, Алматы, «Жазушы», 1975.
28 бет.

Бұл кітапшаның авторы журналист Бақыт Мұстафин. Батырдың
ерлік шоғындағы еңбек сөттерін, оның мінез күлкін, жорық картина-
ларын тартынчы да зертлі болындаран.

9(С)27+КАЗ 2

М 70303—293
402(07)—75 260—75

15524

© — Издательство «Жазушы», 1975.

Северо-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
город ПЕТРОПАВЛОВСК

Жаз күні жарқырап тұрса да жылуы жүрекке жетпей салқын согатын шак еді бұл. Аспан аясы қашама көгіллір тартып, кеңіп салғаимен батыс беткейдін көкжисігі не талаурап, не мұнартып түрғандай, әйтеуір, ала бәтеп танылатын. Бүтін де солай. Қалендарь бетінде жексеніпшін бояуы жылтырағанмен жағасы жайлауга кеткен жан жоқ. Жүріс-тұрыс та сүйт. Өмірдің қатал бір тәртібі қатаң қалыптасып, дүн-дүнисіп ыскырған ырқымен үйіріп әкеткен тәрізді бір мезет. Шырт үйқысынан шошып ояниған Қажымұрат Элімбаев сағатына қараса мезгіл әлі ерте екен. Бірақ бұрынғы бір кездегідей көсіліп жата алмады, орнынан ыргып тұрып, шапшаң кийе бастады.

— Күн демалыс емес ие? — деп жұбайы әншіейін гана тіл қатын, аз кілдіріс қалаган ыңғайын таныткан. Қажымұрат оған да оқшырайып қарады.

— Не дейді, жапым-ау. Демалатын уақыт па? Ертегерек оятаған екенсін.

Осы қарбаласты қапысыз тапқаңдай сол сәтінде-ақ терезенің түбінен женіл машинаның бұл маңайда құлак-қа сирек шалынатын жұмсақ сигналы санқ етті. Үй исесі түсі бұзылып терезеге жүгірді.

— Ойбай-ау, мынау Николаевтың машинасы гой.

Бұл жақта негып жүр? Тиыш па екен өзі? Мені іздемесе илгі еді? — Сөйткенше болған жоқ, шофер де үйге кірді.

— Сізді Николасев шақырып жатыр,— деген жедел хабар Қажымұратты асығыс киіндіріп, машинаның есігіне жеткізді. Жұбайы да ан-тан, жүргегі кобалжулы. Облыстық партия комитетінің бірінші секретары Николай Федорович Николаевтың машинасы бұл үйге тіпті келіп көрген жоқ еді. Мынау оқыс жайдың ұшығын анғартқандай. «Куаныш болғай»— деп ол өз жүргешін лұпіліне өзі жұбашыщ айтады.

Облыстық партия комитетінің нұсқауышысы Қажымұрат Әлімбаев обкомға келгенде, мұндағы қызметкерлердің бәрі де өзгеше бір әбігер халде екен. Қүш демалыс болса да жұрт әдеттегі қызмет қалпында.

— Батырды көрдің бе?

— Қөрлім, өзі кішкентай ғана жігіт екен.

— Жап-жас.

— Оттай жаңып түр.— Осындаі қысқа ғана тіл қатысқан сөздерде таңдану мен сүйсіну бар. Қажымұрат та өзінің шұғыл шақыртылу жайын енді түсінгендей болып, майданнан келген батырды көруге асықты да, бірінші секретарьдың кабинетіне карай беттеді.

Үлкен кабинеттің алыс төрінде отырған Николаев көнілді ажармен құлімсіреп орнынан тұрды. Қарсы алдында жұқалтаң жүзді ақ сары қағылez жігіт отыр. Ол да есікке қарай бұрылып еді, омырауындағы ордендері мен медальдары, Алтын Жұлдызы сылдырлап, жарқ-жүрк етіп, бүкіл бөлмені өзгеше бір нұрға бөлеп жібергендей болды.

Қажымұрат Әлімбаевиң, Совет Одағының Батыры Жәлел Кизатовпен танысып қойыныз, біздің жерлесіміз,— деп секретарь нұсқаушыны бейтанаң қонағына таныстырып үлгергенше болған жоқ, жігіт орнынан ұшып тұрып қарсы журді. Екеуі бір сәт аныргандай болып тұрды да, құшақтарын айқастырып қауыша кетті.

— Айналайын, аманбысын, ризамын ерлігіне,— деп Қажекең дәл бір өз баласын бауырына басқандай қонқылдаш жатыр.

— Сіздер бұрыннан таныс па едініздер? — Николаев та таңырқай қарап қалған.

— Бұл менің шәкіртім.

— Қажекең менің ұстазым.

— Екеуініз де осал болмадыныздар. Құттықтаймын, Қажымұрат Әлімбаевич, батырды тәрбиелеген сіздей ұстазға айттар алғыс әрқашан мол.

Секретарь енді шаруа жайына көшті, қазіргі сәттен басталар сапардың жоба-жосларын тәптіштеп айтып берді. Совет Одағының Батыры Жәлел Қизатов майданнан бір айлық демалысқа келіпті. Облысты аралап халыққа майдандағы ерлік жайлы әнгімелейтіп көрінеді. Осы сапарда батырды қыдырту парызы Әлімбаевка жүктеліп отыр екен.

— Жақсы. Бұл ұсынысынызды қуана қабылдаймын,— деп Қажекең аса разы кейіппен орнынан көтерілді.

— Асықланыз, сіз әлі маған батырмен таныстық сиршии толық айтқан жоқсыз фой? — деп секретарь күлімсіреп Әлімбаевқа сұраулы пішінмен қарады.

— Покровкадағы ауыл шаруашылығы техникумында Жәлелді оқытқап едім.

— Э, түсінікті. Жолдарыныз болсын. Жәлел Қизатович, біздің тылдағы ерлігімізді де көріңіз, майдандағы батырлыкты да жырдай қылып жеткізіңіз.

Секретарьдың алдынан мереій өсіп шыққан Қажекең Жәлелді ту сыртынан он қолымен қапсыра құшақтаған қалпы коридордан алшаңдаш өткенде қызыға қарап құттықтаушылар да көп болды. Облыстық партия комитетінің қызметкерлері батырға аса ыстық ықылас арнап, қошамет көрсетті. Бұл 1944 жылдың жазы болатын.

Облыстық партия комитетінің женил машинасы қос жолаушыны алтып Жәлелдің туған жері Ленин ауданына

карай таргты. Батыр дархан даласының дидарын көргөт асықса, туған жері де өз ардагерін ансан тосқандай. Қажекен сұрактарын жаудыра береді. Соғыс шебінің әңгімесі жайлы Жәтел сөйлем отыр. Өз басына, өз ерлігіне орала берген әңгіме тізгінің тарта үстайды...

* * *

Тұқындан тұтанған согыс өртішің жалыны шалған жер-дүние әп-сөтте әрлі ажарынап айрылып, қара қүйелеш капалы қалпымен сынып жаткан. Қайда қарасаңыз да, оқ жұтып кеткен жаралардың орны опыраяды. Тас екеш тас та қак айрылып, ойраны шығып жатыр. Мана таңертең теңіз үстінде қалқып келе жатып алыстан мұнартқан Одессаға қызыға қарап еді. Аты әйгілі шашқан шаһарды көргенше асықсан. Кенересінен келгенше ескер тиғең «Циепр» кемесі Одессаға жақындаған салын қала бейнесі айқындал ашылып, мұнарт-мұнардан шымылдығын сырырып, көшөтеріне дейін құшағын керіп өзіне тарта берген. Эскери құпиялық занын сақтап бозала танды бүркеніп жасырына келген полк ешқандай шудабырасыз портқа түсіп, қаланы қақ жара жаяу тарткан.

Соғыс алапатына өз кеудесін тосып, алғашқы аяусыз соккыларды қыңбай қайсар қабылдаған қаһарман Одесса қабагы қатулы, батыр бейнесінде бүгін. Көз кадалса қайран қалатын сұлулық сымбатына сойқандық ізі сокталынып қаммен жазылыпты. Сәулетті үйлер күл-талқап бол қираган. Кей тұстарда қанқиған қабыргалар жаланаш тұр. Қөшеде жаш жок. Анда-санда ғана терезелдерден көлеңдеген сұлбалар ғана көрінеді. Ерте мезгіл болған соң ба, тыныштық түндігі әлі сөгіле қоймапты.

Бір ырғакпен тас көшениң тақылдата келе жатқан жауынгерлер жүзінде де осы көріністің көлеңкесі кілегейленеді. Бәрі де үнсіз. Мынау алапат сүмдышқа жандары түршіге таңырқайтып тәрізді. Соғыстың атын алыстан

тана есітіп, катуланып кек түйіп келген жүректері бір сәт мұздап сала бергеп белгілі болатын. Жапарлары жалт-жұлт етіп, сондай бір сұық өшпенділік байқатады. Бір-бірінің алай-дүлей сезімін тіл қатыспай-ак ұғысқандай. Екпінің іркілмей тас-түйін болып тек ілгері бара-ды. Жауынгерлердің бірі абайсызда сүрініп кетіп, тәйке-сінен түсіп еді, оған бұрылған ешкім де болған жок. Олгінің, әйтеуір, аман екенін ту сырттарынан бір сезім хабарлагандай, сәл де тоқырамай тартты. «Қайрап, кер-безім, Одесса, сенің кегің біздің көкіректе катқан» деп іштен түйілген қазақстандық Жәлел Кизатов та сапта ентелей басып келеді. Қасында жерлес Жампос, одан әріректе өзбек азаматы Сұлтан. Сонғы кез бір-бірімен дос-жар көңілдесіп қалған үш жігіт қабак қагыстарынан-ак жаш толқынын жазбай танысады.

Теңіз арқылы Одессаға түскен 422-артиллерија полкі майдан шебіндегі қаланың іргесіне тақап қалғанын білді. Алғашқы бөгелген тұста командирлер согыстың жақындығын сездіргендей санқылдан ун катып, сакая түскендей болды. Каладан шыққан сон айнала тіпті түнеріп катуланып кеткендей еді. Эр тұста орман қойнауында тұтін будактап майдан иісін әкеледі. Әзірге атыс-шабыстың дыбысы жок. Бірақ елеңдеген жігіттер батыс беткейден көз алмайды. Дала төсіне тінтіне кадалады. Қайсы болсын, әйтеуір, согыс белгісін бұрынырақ шалғысы келеді. Ал жау шебі әлі алда еді.

— Алғашқы тапсырма.

— Алғашқы бетпе-бет.

— Алғашқы шайқас,— деп енді командирлер жауын-герлерді шайқас алдында шындал, шаптыққан кекті шымырлата түсті.

Нә, «алғашқы» деген сөздің әсері күшті. Айтса да, адам алғашкы адымынан бүкіл өмірінің тағдырын та-нытып тастауды мүмкін фой. Сонау алыстағы Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Карагай ауылынан

1940 жылы әскер қатарына алынып, өзінің майдан даласындағы жауынгерлік жолын 1941 жылдың сүстү күзінде Одесса тұбінен бастаған Жәлел Қизатов та жаумен алғашқы рет ертікпен бетпе-бет айқасты.

...Майдан шебіндегі алғашқы түн ондай арпалыс дабылды, өрт-жалынды болмағанмен, ішін тартқан тас қараңғы үрейлі түн кейде өлі жым-жырттығымен де жас жауынгерлердің үрейін алды. Қараңғылық қоюланған бастапқы сәтте алғы шептің әр түсынан жарқ-жүрк етіп от бүріккен үялар көрінген. Түннің қойны-қонышыны тілгілеп, қызылды-жасылды оқтар заулаган. Түн деңдерге саїни оның бәрі саябырысып, жертөлеңің босағасында қисайып отырган Жәлел қатты шаршап қалғып кетті. Бір заматта нығынан әлдекім қатты жұлқып, ояна қалса, таң атып айнала-төнірек алакеуімделіп қалыпты. Барлаушы серіктерінің бірі екен.

— Тұр, енді сенің кезегін,— деп енкейе беріп ақырын сыйырлады. Таңғы тыныштықтың тұнығын бұзбайын деген барлаушы сақтығы бар дауысында. Орынаш үшып тұрған Жәлел өзінің анғалдығын тез түсінді де, тәмен бұғып траншея ішінен бақылау постысына қарай бұгожендей жөнелді. Жігітті соғыс тәртібі бір-ақ күннің ішінде ысылдырып, катал ырғағына түсіріп тастағандай еді. Каншама шаршап-шалдығып көз іліндірсе де үйқысы шайдай ашылып, лезде сергіп жүре берді. Перископқа жабысып, окоптан жоғары жақты ақырын бақылап отыр. Әзірше тыныштық сияқты. Ешқандай ерекше белгі көрінбейді. Жау жығылып, үйқы құшағында тынышып жатқан дерсіз. Күн көзінің алғашқы сәулелері даланы қызыл нұрға бөлеп, тәніректі серпілдіріп оятқанда да майдан шебі тыныш еді. Қенет Жәлел перископқа жабыса түсіп, өзі бір күдікті шалып қалғандай қопандап кетті. Барлаушының бұл қимылдың сыртынан бақылаган взвод командирі Владимир Ткаченко Жәлелдің колы винтовка прицелін түзеп жатқанын көрді.

— Не істейін деп жатырсын.— Командир қасына келіп дәл құлағының түбінен тіл қатты.

— Фрицті қалпақтай түсірейін. Тайрандауын,— деп ызалаған Жәлелдің қолы мылтықтың шүріппесіне бара бергенде, командир ұстай алды.

— Сен барлаушы екенінді ұмытпа. Өзінді-өзің ұстап бересің. Біз тапсырманы әлі толық орында болғамыз жоқ.

— Кап, жолдас командир, әне пулемет үясы.

Соның қасында екі фрицтің басы ап-айқын көрініп тұр.

— Нысанага алып белгілеп қой. Енді олар өзінді байқап қалмасын.

— Жоқ, байқамайды,— деп окоптың түбінде отырған шағын денелі Жәлел тіпті бұға түседі.

— Окоптың түбінен сені көрмейді, перископынды байқа,— деп командир кешеден бері алғаш рет құлімсіреп, жауышгерлерінің әлі де жаттықпаған рабайсыз қимылын түзете түседі. Балқым, кешегі жаттығу қүндері болса орынан тұрғызып ап, айбы үшін жүгіртіп сіле-сіп қатыrap ма еді. Қазір жауышгеріне өзі қалқан болардай камқорлықпен акыл айтады. Өз әрекетінің ебедей-сіздігіне Жәлел де құтімсіреп командиріне бұрылды. Екеуі де жымиды. Ұзак жорықтағы тұнғыш құлқілері еді. Ерсі көріп қалғандағы болысты да тез тынысты. Бірақ сол құлқінің өзі көнілде бір отты үшқын ойнатып мына майдангерлерге өлімнен өмірдің күштілігін айтып кеткендей болатын. Өлім аралаган сұсты да сұық окоптардың сызды бауырында жастық құлқісі де жоғалмапты-ау. Командир де, жауышгер де соны ойлады.

— Бақылауды қадағала. Әлгі фрицтерден айырылып қалма, Кизатов.— Командир бүйреки барлаушы Жәлелдің қырағылығын шыгайта түскен.

— Құп болады, жолдас командир.— Әне екеуі ДЗОТ-ка кіріп барады.

— Дұрыс-ақ, мен де көрдім. Манадан бері жасырып тұрган пулемет ұясы табылды. Сазайларын енді тарттырайық,— деп Ткаченко ызаланған кейіппен қасып да тұрган телефонистке бүйрек беріп жатыр. Сол бүйректың мұлтіксіз орындалуы болып, кешікпей-ақ арт жақтаған зенбіректер гүрсілдеп коя берді. Ысылдан, ыскырып өткен снарядтар әлгі фрицтердің дәл төбесінде жасын отын ойнатып ДЗОТ-тың маңын опыр-топыр қылды. Атыс қызып, бүкіл төңірек астан-кестен болып кетті. Кешікпей жау зенбірегі де есін жиып, барлаушылар бекінген шепті шысанана ала бастады. Зұылдаған снарядтар бірінен соң бірі окоптардың маңына төпелеп түсіп, жарылып жатыр. Қекіректі қауып, көзді кептеген көк түтін будактап, дәрі исі анқиды. Снарядтардың бірі бақылау постысының дәл жанына түсіп жарылып, барлаушыларды балшыққа көміп кетті. Эйтейір, өздері аман қалды. Командир үсті-басын қағып, ілгері қадалады. Жау кимылышаң жазып қалмайын деген жіті қырағылығы бар. Жәлел де бір домалап түсіп, перископын қайтадан окоптың жар қабағына қылтитып жанталасып жатыр. Телефон трубкасына жабысып қалған барлаушының әрекеті секем алдырады. Қанша айғайласа да жауап ала алмай арпалысады.

— Байланыс үзілді, жолдас командир.

— Жұғір, жалға.

— Жолдас командир, фрицтер. Тағы да басы қылтиды. Қағып таставын ба? — деп, Жәлел командиріне сұраулы кейіппен жалт карады. Кекпен тұташып лапылдарап тұрган өжет-ақ өзі.

— Тоқтат, Қизатов, бері кел.— Жәлел траншея бойымен бүкендейдеп командирдің қасына келді.— Жауынгерлік тапсырма. Міне мына қағазда жау шебінің картасы. Батарея командиріне табыстаңыз. Біздің тағдырымыз сенің қолында, Қизатов жолдас. Тез жеткізсен жау батареясын тұшиштырамыз.

— Құп болады, жолдас лейтенант.

— Біздің оц жағымызда жаудың күшті шабуылы жүріп жатыр. Солай қарай барып қалма. Өзіміз келген бағытпен жүгері алаңына дейін енбектеп бар. Ар жагы онай.

Тапсырманы әр сөзіне дейін жаттап үккән Қизатов жөнеле беруге ынғайлаптып еді, командир тағы да токтатты.

— Команда пунктінің қайда екенін білесің бе?

— Білемін, тас құдықтың түбінде.

— Дұрыс. Жолың болсын ендеше.

Жәлел окоптың жар қабағына жабыса көтеріле берді де, қайтадан бұға қойды. Сол сәтін аңдығандай зың ете түскен бір оқ касканың дәл төбесін жалап өтіп, далаға қанғып кетті. Жаудын бакылауы да күшті екен. Сәл козғалыстың өзін қапы жібермей жаланып тұр.

— Енді басқа жерден көтеріл,— деген командирдің ақылымен Жәлел траншеяны жағалай жөнеліп көрінбей кетті. Сол сәтте Ткаченко да одан көз жазып қалды.

Жермен-жексен болып енбектей жөнелген Жәлел жаунысанасына тағы да ілікті. Оқ борап, үстіне зуылдан өтіп жатыр. Тағы бір оқ каскасын сарт еткізіп басып еріксіз тұқыртты. Иә, заман-ай десенші. Кешегі жаттығу кездерінде жауынгерлер осы касканы талай рет лақтырып, қақпакыл етіп ойнаған еді. Сол каска алғашқы ғайқастың өзінде Жәлеллі екі рет тұра келген ажал оғынаи аман алып қалды. Ақырын орнынаи көтеріліп тағы да енбектей жөнелді. Сол қымызын кірпік қақпай аңдып тұргандай, тағы бір оқ каскага шак етіп, өлім қуалап келе жатқаның еске салғандай болды. Жанталасқан жауынгерлер кара терге малшынып алдындағы сайдың бергі қабағына іліккендеге, әрі қарай қалай домалап жөнелгенін өзі де ангармай қалды. Сайдың табанына түскенде барып тасала орнынаи көтеріліп, бір жөнлемге келіп атды. Үстінгі жақта қашырган оқтар әлі

зулап жатыр. Ен кын қылтаңшан өткен Жәлел енді тәуекелге тас түйініп тағы ілгері тартты. Сайдың ілгерілеу бір оянынан тағы да қыранға көтерілгенде алдынаш қаптаған шұқанактар кездесті. Дүниені астан-кестен қылып ғүрілдеген ауыр зенбіректер снаряды жер жарықтықтың бетінен тамтық қалдырмай шұрқ-шұрқ өткен екен. Артиллерия занының әлібінде жақсы тағымын бар. Ол заң бойынша қандай қанғалактаған снарядтардың өзі бір түскен жеріне екінші қайтып оралмайды. Сол тәртіпке бағынған Жәлел шұқанактардың бірінен соң біріне ырғып секіріп ілгері тартып келеді. Мана еркін жүргендерінде жақын-ақ сияқты еді. Енді жанды шуберекке түйіп жүгірсе де жете алатын емес.

Жәлел артына бұрылып жау шебін аз-маз болжап тұрды да, саябыр-ау деген шакта шұқанактың ернеуінен қалбан етіп көтеріліп тұра жүгірді. Сол-ақ екен нысананы жалп еткізіп, ысқырғаш оқтар зын-зың етті. Тұнғыш тапсырманы алып ұшқан жас емір сабағынан қылып түскендей болды.

Солай еді. Сырт қараған көз жауынгердің жер жастаңғанын таныр еді. Бірақ, Жәлелдің көрер күндері әлі алда екен. Келесі шұнқырдың кемеріне аяғы тиер-тиместе домалай құлаған Жәлел жаракаттан діп аман болатын. Қайтіп қана сау қалғанына таңырқап тұла бойын тінти қарап, орнынан қозғалғанда қасында бүк түсіп отырғаш жауынгерді көрді. Алғашында бүкіл бетін тоғырак қауып анғара алмаған екен. Шұнқыр түбінде бетін басып бүк түскен қалпы жүрелеп қалыпты.

— Сіз кімсіз? — деп еді ананың тіпті жауырыны қозғалмады. Жәлел тітіркеніп кетті.

— Ағасы,— деп иығынан қозғағанда барып тізесіне салған басы сылқ ете түсті. Жәлел шошып кетті. Әлті жауынгердің бүкіл беті, кеудесі қаммен жуылып кетілті. Жотасы сап-сау болғанмен омырауы қызыл жоса. Сабаз тіл тартпай жан тапсырып та үлгеріпті. Жәлелдің тұла-

бойы мұздап, маңдайынан сүйк тер шыпшып қоя берді. Майдан шебін аттаған алғашқы күн жау қолынан қаза болған жауынгерді тұңғыш көрүі еді. Жанарына жас келіп, тамағы кек ызасымен кептеліп қалса да, тірінің оліге деген бар колдан келген соңғы парызып жасап, жауынгерді шұқырдың түбіне жантайты да, бос топыракты үстіп алып бетін жапты, төс қалтасынан документтерін алды. Қашама қының-қыстау болса да қаруласын қып кете алмай, тіпті аяғы ілгері баспай Жәлел біраз тұрды. Артына бұрылып қайта-қайта қарай береді: «Жауынгер сабазым-ай, женемін деп ұмтылып едің, жалауынды жеткізе алмай жығылыпсын. Жаңың жай тапсын, жауынгерім, сол жалауынды Берлиннің төбесіне біз қадаймыз, кегінді қайтарамыз».

Жәлелдің колы автоматтың күндағына карыса түсіп-ті. Ол шұңқырдан шығып, тағы да ұмтыла бермек болғанда дәл қарсы алдынан екі фриктің басын көзі шалып қалды. Іле қайырадан шұңқырға төмен сырғып, әлгі екеуін жалмаған нысанага алды. Өмірінде алғаш рет адамның басын қақ маңдайдаң кездеді. Э дегендеге біртүрлі тітіркенген сезім тұлабойын дір еткізгендей болып еді. Бірақ жанагы жауынгердің қызыл ала қаңға бөккен бейнесі есіне тұскенде кекпен күрсанып, тістені де:

— Туған жердің касиетті топырағын таптаған кан ішердің сазайын тартқызы, қанды балақ қорғасын,— деп Жәлел автоматтың шүріппесін баса берді...

Жәлел Қызатовтың жауынгерлік жолы осылай басталып еді. Жиырмадан жана асқан балғын жігіт бейбіт күннін тыныштығын қорғап Отан күзетінде әскерлік міндеттін өтеп жүрген болатын. Ол да өз замандастары сияқты арман қанатында алып ұшып, жастық көкжиегінің көрінбес шалқарына самғайтын. Ленин ауданының Карагай ауылында мектепте мұғалім болған-ды. Аласа бойлы ақ сары жігіттің тіпті балаң жүзіне ауылдастары қызыға да сүйсіне қарайтын.

— Ұылжып тұрған жап-жас!

— Білім қандай! Оттай жаңып тұр! — десетін сүйініш еткен сырт көздер, ал Жәлел әскери міндептің өтеуге аттанғанда шағын ауылда тоій-томалақ болып қалғаны бар. Бүкіл мектептің балалары жолға шығаруға жиналып, кейбірі қимастықтан көздеріне жас алған.

— Қой, шырағым. Жыламандар, күліп-ойнап жақсы ырымға бастандар. Күн тыныштық, өртөн-ак сауыт құрсанған солдат болып елге қайтады,— деп үлкендер жағы баса сөйтеген.

— Құлымым, мандайы жарқыраған құлымым сол, кайда жұрсөн де қара шанырактың қасиеті қолдасын,— деп шешесі Жамал тіпті көзін суландырмastaн Жәлелді мандайынан іскең, арқасынан қакты. Даланын суыртпақтай созаландаған даңғыл жолында артыша сұық шаң қалдырып, екпіндеген арба үстінде қаран-қаран етіп қолын бұлғап Жәлел кеткен...

Содан міне, әскерлік борышын өтеп жүргеніне бір жыл толар-толмаста соғыс зобалаңына араласып та кетті.

— Тұңғыш тапсырманы жақсы орындағын. Енді сеп демал, ана жертөлеге бар. Біз жеңдеттердің жез қалпағын ұшырып көрейік бір.— деп батарея командирі лейтенант Василий Степанович Скубак Жәлел берген қағаздағы координаттар бойынша зенбіректерге бүйрүқ беріп, кешікпей-ақ жер-көкті тітіреті гүрсілдете бастады. Айнала төніректі дүңкітіп солқылдатқан мынау аласапыраң сарын шынында да жау шебін жүндей түтіп жатқап сияқты еді.

Төбесін бірнеше кабат бөренемен жапқан жертөленің ішінде жантая құлаған Жәлел кешке дейін көз іліндіре алмай елегізіп жатып бір мезетте қатты қалғып кеткенін байқамай қалды. Жауынгер сағынышы қашан да дәл өніндей болып түсінде көретіні бар. Жәлел де сәл мызығып кеткен шағында атыстағы ауылымен амандастып та

ұлгерді. Қарындастары Қарапа, Әмина, інісі Қалел де «этей» деп куанып қарсы алған екен дейді. Біреуі ағасының мойныша асылып, «қашан батыр боласын, елге қашаш ораласың» дегендей болады. «Шегінбе, өтсен де шегінбек, ел аманаты осы» деп шешесі үздіге күбірлегендей кейіппен ғайыпқа жоғалды.

Майдан шебінің заны қатар. Өлім мен өмір қатар жалғасып жүреді де, қас қағымның арасында астан-кестен, алыс-жұлыс болып жатады. Жана ғана арыстандай атылған айбатты азаматың әп-сәтте қызылып түсіп, кош айтысып ұлгере алмай аттағанын бір-ак көресін.

Алдыңғы шепке араласқан алғашқы күндердің бірінде зенбірекшілер жаудың бронды аждаһасы — танктермен бетпе-бет айқасты. Таң жана ғана ірге сөгіп себезлеп келе жатқан тыныштық мезеттің тұндігін айқышұйқыш тілгілеп отты наизағай ойнаі жөнелді. Алыстан ататын жаң зенбіректері снарядты қардай жаудырып, тіпті бас көтертпей таставады. Біздің батареялар бекінген шептің өнебойын тінктілеп түтелегендей болды. Бір спа-ряд батареяға дәл төбесінен түсіп зенбіректі жауынгерлерімен бірге жоқ қызып жіберді. Сонын бәріне ызалана көз қадап тұрғаш Жәлел жаңындағы жолдастарына жанар қадап еді, олар да қабактары қатуланып, тас түйішп алышты. Ұлы сүргін зобалаң шайқастың қалың бұлты үйіріліп, төніректі жойқын тасқын басып келе жатқандай еді.

Зенбіректер гүрсілі басыла бергенде, он қашатты қақыратса сөккендей сатыр-күтір еткізіл танктер қапталап қойды. Бүйірлеріне бүйінің белгісін салған аждахалар ажал аузын арандай ашып күйрете көктеп келеді. Жауынгерлер қолдарына гранаталарын қыса ұстап тіпті өлім қаһарына кірлік те қақпай тұра қадалып, атыла түйіледі. Бәрі де бүйіркүн күтіп құрсанған қалыпта.

Танктер жер солқылдатып ентелеп келеді. Тұтас жұбымен жосытқанда жолындағышы жайпап кетер кере-

15524

Салтанаттық облыстық
БИБЛИОТЕКА
г. ВЕТРСПАВЛОВСК

мет екпінді. Қенет сол құрышы сақыр-сүқыр еткен саптың дәл орта тұсында көк тұтіп бұрқ ете тұсті. Бір танктың сыбағасы беріліп, сілейді де қалды. Тағы бір тұтіп. Тағы бір танк бүкіл денесімен жұлқынып барып, желкесі қылды. Айқас қызып кетті. Танктер дәл төбесіне келгенше бұғып жатып, тұтқылдан түйіскен теңізшілер екен. Енді шайқасқа барлаушылар взводы да араласып, қым-қуыт атыс қызды. Жаңағы танктердің сонын ала жаудың жаяу әскерлері шабуылға шыққаш-ды. Теңізшілер де, барлаушылар да оқ борасынын солай қарай бұрған. Жәлел де аласапыран арасында.

Қатары сиреген жау танктері кейін бұрылып, бетпебет шайқастан тайсактап кашты. Жаяу әскерлері де жауған оққа тәтеп бере алмай бытырай бастады. Осы бір дәп соғар сәтте шабуылға шығып, қеуделеп кетсе, жаудың жүзі майырылып-ақ кеткелі тұр. Шайқас тізгіні біздің жаққа қарай ауып бара жатқаны анық. Соны сезген жауынгерлер де, атоң күткендей, шептеріне жағалай қарап жанарларымен командирлерді іздеді. Жәлел де тағатсызданып командир бүйріғына елецдсген. Әне, взвод командирінің оққа үшіп шалқалап түскенін көрді. Ол енді ойланып жатпады, орынан үшіп тұрып, автоматын кезенген бойы отты жаудырып ата жөнелді.

— Отан үшін! Алға! Ура! — деген Жәлелдің дауысы жауынгерлердің қанатын жебеп жібергендей болды. Оконтардағы ытқып шыққаш жауынгерлер шабуылдан барады...

Бұл женис бірак ұзаққа бармады. Сол күні өршелене шабуылдаған дұшпан тегеуіріні толқын-толқын болыш сокқылап біздің бөлімдерді шегінуге мәжбүр етті. Талай-талай боздактар майдан даласында қан төгіп, қара жер құшып қалды. Кын екен. Жаудың әлдекайда басым күші ауыр салмақпен аямай сокқанда, біздің шеп шетінеп, қайсар қарсыласқаш жауынгерлер қайрылуға бүйріқ алды.

Кешкісіп орман ішінде біздің әскерлер шоғырланып, әркім өз взводтарын тауып атып жатты. Біраз жігіттер қазаға ұшырап, қатары да әжептәуір сиреп қалыпты. Осы карбалас шақта біреудің даусы сақ ете тусти.

— Кизатов! — Жәлел бұл кім болды екен деп таныр-қап түр еді, тағы да қайталады.

— Кизатов! Сені полк комиссары шақырады.

Жәлел шақырган жерге келгенінде, полк комиссары мұны асыға құтіп түр екен.

— Жауынгер Кизатов! Жарайсын, ерлігіңе ризамын. Наградага ұсынамыз,— деп ол Жәлелді арқасынан қағып, бүгінгі ұрыс кезіндегі ерлігін естігей, сонысын бағалаған разы кейін көрсетті. Мынандай қарбаласта әңгіме сабағы қысқа қайрылатын әдет ғой. Комиссар жауынгердің жүзіне тұра қарап өткір көздерінен жарқылдаған үшкін аңғарғандай болып тұра бұйыра сөйлемді.

— Взвод командирінің саяси орынбасары боласын. Қазірден бастап сол міндетіне кіріс. Политрук Комов госпитальға жөнелтілді. Мұндай төтен бүйректы тоспаған Жәлел тартыншақтады.

— Жолдас комиссар, менің әскери атағым немесе тәжірибем жоқ. Маган кім бағынады. Катарда жүре береійін.

— Соғыстың аты — соғыс. Жұртты оқытып жататын уақыт жоқ. Міндетіне кіріс, Кизатов жолдас! Сен коммуниссің.

Майдан тәртібі қатал екені осы емес пе?! Жарагы самсаған взвод бір күннің ішінде быт-шыт болып, қатардағы жауынгер Жәлел Кизатов взвод командирінің саяси орынбасары болып шыға келді. Әрине, бұл жауынгердің ерлігіне, қабілетіне көрсетілген үлкен сенім, зор жауапкершілік екені анық еді.

Алғашқы шайқастардың от-жалынында, ок боранында уыз жастығының жасыл жапырағын соғыс өртіне шалдырып, шар болаттай шынықкан жауынгер Жәлел

Отан үшіп шайқас майданына осылай кірді. Одессаның іртесінен басталған жорық жолдары Кизатовты Украина, Белоруссия, Чехословакия, Венгрия жерлерімен өткізіп, женісті күнге бастады...

* * *

...Шілденің ыстығы атап согып тұрган мезет. Дала демі бетке жалын боп үрып, соңдай бір тынысты тарылтқан қапырық әкелді. Осындай тынышсыз шакта кара жолдың шашлағын шығарып салдырта зырлаған кос-кос ат жекең екі арба Есіллің жаркабағына ентелей төйіп келіп, арындан токтады. Целбені ұстаган жігіттер алып қашқан жүйрік аттарды әзер шаужайлап, қораптың алдынан секіріп-секіріп түсे қалысты. Екеуі де жалма-жан жүгенге жармасып, басын қақшандатқан, тікіректеген жүйріктегі құр-құрлап токтатып жүр. Төменде сылаң қағып ерке Есіл жатыр. Арбалардан түсіп жатқандардың ортасында қошамет иесі болып Жәлел тұр. Әскери киімі де бүкіл денесіне жарасымды конып, сыптығырдай етіп мына топтан дара көрсетеді. Және де сол ерекшелікті өкшелей түсіп омырауындағы Алтын Жұттың жарқ-жүрк етеді.

— Паром козғалып кетіпті,— деді жолаушылардың бірі. Усті атты, арбалы халыққа лық толған паром өзенін кос кемеріне керілген сым арқанды бойлатп, ақырын жылжып барады екен.

— E-e-he-ей, тоқта, тоқта.

— Кайтындар. Кайт кәне.

— Батыр келді, батырдың уақыты жоқ. Ерікпей паромды қайтарындар,— десіп Есілдің қабағынан төмен түскен бір-екеу дауыстары қарлықканша айғайлайды. Бергі жағалаудан едәуір ұзап кеткен паромды қайтармақшы. Кенірдек созып, кіжініп барады өздері.

— Ағасы, оныңыз үят болар. Жұрт өтіп алсын, кайда асығамыз,— деп жақын келген Жәлел әлгілердің қылыбын ерсі қөріп қысылып, тоқтатпақ болып еді. Бірақ онысы бекершілік болып шықты. Паромның үстіндегілерде тосын хабарға толқып кетіп, абыр-сабыр болысып, жалма-жан бәрі қолдасып арқанға жармasti. Паром бір орнында табандап тұрып барып, қос қайығының тұмсығын ағынға қарсы бұрынқырап кері оралып алған-ды.

— Батырды көрсійік.

— Совет Одғының Батыры Қизатов келгей екен ғой.

— Майдан хабарын естінік,— десіп дабырласқан халайық басқа сөзді тындар емес.

— Эй, ағайлар-ай, бекерге бүлдірдіңіздер-ау,— деп Жәлел күмілжуден басқа ештеңе айта алмады. «Батыр, батыр» деп хан көтерердей қошаметтеген халайық қарсы келе жатыр еді. Ол терең суы шымырлап қана ағып жатқан өзеннің ағысында тұрып, сонау Украина да бұдан әлдекайда арынды да арналы Днепрден тұн жамылып еткенин есіне алды. Сол бір кагерлі асу өмірінде есінен кетпес сірә...

* * *

Бірақ соғыстың қай күні естен кетер дейсін. Әйтеуір, әр күні қаша боялған еді ғой. Шартта-шұрт шайқаста басым жауға тізесі бүтілмесе де, шекесі шекілген күні қаша боялды, қайғырды, кектенді. Оны қалай ұмытсын. Ата жауын алып ұрып астына салып, кеудесіне қонған күні қуанды, қайраттанып құлшынды. Онда да жұлысқан жерінен жосадай боп қызыл қан сорғалап тұрды. Оны да ұмытпайды ғой. Жауынгер шіркіннің бүкіл жорықтары әр сағатына дейін саналып, кеудесіне қатталып тұр-ау.

...Сол күні барлаушылар вәводының командирі аға

лейтенант Жәлел Қизатов үйіне шешесіне жазған хатта жауды қасиетті жерімізден қуып, ертең-ак Берлиннің төбесіне женіс жалауын желбірететінін айтты да, «1943 жыл 28 сентябрь» деп қол қайды. Аға лейтенант дәл осы күншің өз өмірінде ұмытылmas болып қаларын, дәл сол күні өз есімін Ұлы Отан соғысы шежіресінің бір параграфына алтын әріппен жазып қоярын, әрине, білген жоқ.

Біздің әскерлер дүшпанды туган жерден түре қуып, Днепрдің арғы бетіне лактырып тастаған. Жау сол бетте берік бекіншіс құрып, табан тіремек болып жатыр. Эзірше екі жақ та үлкен айқасқа әзірленіп, тым-тырыс сайланып бағуда.

— Аға лейтенант Қизатов. Сіздің взводқа бүгін ерекше маңызды тапсырма жүктеледі. Днепрдің арғы бетіне бекінген дүшпанның атыс нүктелерін анықтайсыздар, біздің әскерлеріміз үшін өзеннен өтегін өткел белгілейсіздер. Бұл тапсырма аса жауапты. Әскерлеріміздің ендігі ілгерілеуі сіздерге байланысты. Жаудың бекінісі де, сақтығы да құшті. Сондықтан да сіздердің міндеттерініз ауырлай түседі. Қынышылықты жасырудың қажеті жоқ. Сұрақтарың жоқ болса іске кірісініздер. Күндіз әзірленініз де, кешке жолға шығасыздар.— Полк командирі Жәлелді шақырып алып осындай бүйрек берді. Взвод командирі бұл бүйректы өз жауынгерлеріне жеткізген соң барлаушылар тұнгі жорыққа әзірлене бастады.

...Алдағы шайқас қаһарын қалындана түскендей, тұн қараңғылығы да қоюланып, аспанды бұлт торлап алды. Құздің сұық сазы да дендей түскен. Женілденіп гимнастеркамен шыққан барлаушылар жеделдете жүріп келе жатқаңдықтан денелері бусанып, тұн салкынына елең етер емес. Өзен бойының дум тоғайын қуалаған жалғыз аяқ жолмен шашаң бүкендей келе жатқан жауынгерлер алдағы командирдің сонынан дыбыссыз еріп, өндірте

жүріп келеді. Жәлел де мана күндіз танысқан жолмен жаңылыспай бастап, анда-санда аялдап алғып, тұн тынысын тыңдайды. Тұн тастай қаранғы. Қалай жол тауып келе жатқандарына іштей өздері де таңырқайтын сияқты. Бір тоқтағандарында мол судың ауыр толқыған шуылы, салқын лебі бетке сокқандай болды.

Барлаушылар автоматтарын кезеніп, аса сактықпен қалшиып тың тыңдалап қалғаи. Бір мезетте барылдауық үйректің үш рет қанқылданап сыңарын іздеген үні естілді. Іле Жәлел де үйрек үнімен жауап қайтарды. Партизандармен келіскең белгі осы болатын. Барлаушылар өздерін өзен жағасында тоқсан партизандарға адаспай жеткеніп анғарды. Қалың жыныстан жым ізделеп, сыйырлатып жарып өткеп жауынгерлер тогай ішінен шыға келгендерінде карсы алдарында өзен айдынып көрді. Мол сұдыбыссыз есілтіп, арынды қуатпен жөнкіле толқиды. Үйрек тағы бір бырылданап барып, өзіне тағы сондай жауап алғанда суға қанатын малып ентелеп тұрған талдың арасынан екі құйрық шыға келді. Барлаушылар да соғлай беттеп, бірін-бірі таныған сон үи-түнсіз қайықтарға жайғасып арғы бетке тартты.

Су бетінде шылпылдаған ескектер дыбысы ғана бар. Тұн өз жортуышыларын қанатымен жаба түскендей қоюланып барады. Қайықтар ақырын сырғып келіп оң жағалаудың нағыз құм кайрағына бауырын сыйыртып тоқтай қалды. Жауынгерлер аса сактықпен ыргып түсіп, етіктерімен су кешіп күрғаққа шықты.

— Күндізгі болжам бойынша, жаудың атыс ұялары анау қыратта, біз сол қыратта қанша жау күші барын анықтауымыз қажет,— деді Жәлел барлаушыларға жалпы жағдайды түсіндіріп, әрқайсысына жеке-жеке тапсырма берді. Жер жағдайын жетік білетін партизандар таптырмас көмекші болып, соларға төрт барлаушы қосып, алғы жақты шолып келуге жіберді. Өздері қалың тогай өскен сайдың табанында тосып тұрды.

Барлаушылар екі сағаттан кейін гана оралды. Бірак әкелгендегі хабарлары аса маңызды болып шықты. Дөң үстінде дұшпаниның окоптар жүйесі, он екі жертөлесі бар екен. Жәлел бұл деректі рациямен өз жағалауына жеткізді. Өз шешімін де айтты.

Барлаушылар батыл іске бел буган еді. Тас түйін болып бекінген олар жымын білдірмес барыстаі атылып, жаудың күзетшілерін құртты да, жертөлелердегі әскерлерін түгелге жақын жайратып салды. Қашып құтылғапы бірен-сараң ғана еді. Сөйтіп Желелдің барлаушылары түп жамылып, аса маңызды плацдармды басып алды.

— Стрела. Стрела. Мен — Түйғын. Тапсырма орындалды. Плацдармды басып алдық. Бекінудеміз,— деп Қизатов рациямен полк командиріне . рапорт бергенде подполковник қуанып кетті.

— Жарайсындар, қырандарым. Ал сінді мықтап бекінідер, таң ата жау сендерді соққылайды. Біз де жетеміз,— деп полк командирі аса разы болған жігерлі де жарқын дауыспен жауап қатты. Тапсырманы ойлағаннан да асыра орындашынан барлаушыларға сүйсінгені соңшалық, іле бұл хабарды дивизия командиріне жеткізіп, «қырандарым ерледі» деген екі сөзді аузына тастамады. Қизатовтың ерлігін сол сәтінде бүкіл дивизия естіп үлгерді.

Полк командирі айтқандай, таң атар-атпаста немістер шабуылға шықты. Аса маңызды плацдармшаң айрылып қалмау үшін олар да жанталаса жүлкесті. Өзенің дөңесіндегі бұл бекініс, шынында да, бүкіл жағалауды түгел шолып, кезкелгендегі жерді нысанага алатын қолайлыш тұста еді. Ұзын стволдарын тұра көздеген бес танк қатарласып тік тартып келеді. Жәлел өзенің арғы бетіндегі зеңбірекшілерден рация арқылы көмек сұрап, екі танк солардың снарядынан жалынға оранды. Ал қалған үшеуі тіпті жақындаپ, құлаш жетер жерге тақап калды. Сондайында қаптаған автоматшылар. Жәлел

әнмеңдеп келіп қалған бір танктың дәл шыныжыр таба-
нының астына гранат лақтырып, сны да токтатты. Бар-
лаушылар дәл көзделп, неміс автоматшыларын да беттет-
педі. Үш бірдей танкі үұрыс даласында шоңқиған фашист-
тер кейін шегінуге мәжбүр болды.

Бірақ шабуыл толастар емес. Есін жинап алған
дүшпап тағы да танктерін алға салып, өршеленген үрдіс
шабуылға шықты. Барлаушылар қатары да шетінеп
барады. Жәлел автоматшы кезеңіп, жауды көздел атқан
қалпы взводты да басқаруда, өзі де қолма-қол шайқасу-
да. Тагы бір шабуыл тойтарылды. Үшінші... Төртінші...
Бесінші шабуыл. Барлаушылар тіпті толқын-толқын
толассыз шабуылдар есебінен жаңылып та қалды. Міне
тагы бір шабуыл... Фашистер тіпті жақын. Жігіттер жан-
таласып атысып жатыр. Бірақ манағыдай емес төтеп
берер хал азайып қалғаны байқалады. Жауынгерлер
катары сиреп, автоматтар әр түстән ғана тіл қатады.

— Жолдас командир, танктер қаптап келеді. Оң
қапатта. Солда тагы да,— деп жауынгер Иванов Жәлел-
ге шұғыл хабар жеткізді. Аға лейтенант Кизатов жа-
дайдын әбден тығырыққа тіреліп бара жатқапын анық
ұқты. Қөзі қанталап, өзгеше бір өжет үшқыш шашады.
Кезеңгөн автоматшы қолынан тастамай, бір қолымен
рацияның трубкасына жармасы.

— Стрела, Стрела! Мен — Тұйғын. Жағдай қында-
лы. Немістер біздің шепке кіріп кетті. Біздің шепті
көзделп, зенбіректен атқыландар. Текке өлмей, құзғын-
дарды жайратып өлейік. Тірі қалсақ көрісерміз, көріспе-
сек хош болындар. Отап үшін атқыландар. Дұшланиның
үші өшсін, атындар. Дүшпан біздің өлтігімізді аттап өте
алмасын, атындар! — Жәлелдің дауысы саңқылдан, қы-
зынып кетіпті. Бет-аузы да өрттен шыққандай әлем-та-
пырық. Трубканы тастай салып, автоматшы қайта сөй-
леді.

— Қасық қан қалғаша, Отан үшін! — деп ол жауынгерлеріп жебеп, бір атойлап қойды.

Соғыс заны тағы да қаталдығына бақты. Женіс жолында нелер құрбан болмайды десенізші! Жана Жәлел сол жеңіс үшін өздерін құрбандыққа қылп, өзіміздің зенбіректің оғын өз төбелеріне шақырып еді. Алыстан заулап, ыскырып келіп, ысылдац түсіп жатқан снарядтар барлаушылар орналасқан шепті гүрсілдете бастады. Фашистер де советтік жауынгерлердің төбесінен шаншылып жатқан. Біздің зенбірек оларды дәп көздел, дәл үстінен жайратты. Зенбірек гүрсілі төңіректі теңселтіп жібергендей болды. Гүрсілдеген зенбірек, зырлаған дүни...

Жәлел есін жиғанда өзіміздің жауынгерлердің ортасында жатқанын сезді. Қанша уақыт өткені белгісіз. Манағы шайқас гүрсілі әлі құлағының түбінде жаңғырыққандай.

— Жаса, Жәлел.

— Ерлік!

— Женіске жол аштыңдар!

Ұзақ шайқаста дәл қасына түскен снаряд дүмпуінен құлағы бітіп, есінен айрылып қалған Жәлел жеңіл жараланған екеп. Барлаушылар қабырғалары сөгіліп, қандары төгілсе де бекіністі бермепті.

Бұл ерлік взвод командирі аға лейтенант Жәлел Кизатовтың есімін елімізге паш етті. Днепрден өткендегі ерлігі үшін оған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

* * *

Сол жазда тылдағы ауылдарды араған Жәлел өз жерлестерімен кездескенде:

— Ертең жеңіспен ораламыз. Соғыс қаһармандары бейбіт күннің жұлдыздарын да жарқыратады,— деп еді. Батыр өз сезінде тұрды. Жәлел туған ауылшы аман

оралған соң іле халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне батыл араласып кетті. Ол Совет аудандық партия комитетінің секретары, Ленин, одан соң Булаев аудандық атқару комитеттерінің председателі болып қызмет атқарды. Екі рет СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Қазір ол — Қызылорда облыстық астық өнімдері және қоспа жем өнеркәсібі басқармасының бастығы. 1957 жылы Жәлел Қизатов еңбектегі ерлігі үшін екінші рет Ленин орденімен наградталды. Оның омырауында бейбіт қүшің бірнеше медальдары жарқырайды. Сөйтіп соғыс батыры бейбіт еңбек қаһарманы болып коммунизм құрылышыларының сапында көрінуде.

**Бахит Мустафин.
ЖАЛЕЛ КИЗАТОВ**

Очерк

(На казахском языке)

Редактор *К. Курмангазиев*.
Художник *А. Тащенов*.

Худож. редактор *Б. Машрапов*.
Техн. редактор *С. Лепесова*.
Корректор *К. Сагинбаева*.

Сдано в набор 21/V—1975 г. Подписано к
печати 23/IX—1975 г. УГ11693. Бумага тип.
№ 2. Формат 70×108½. 0,875 п. л. 1,23 усл.
п. л. (уч.-изд. 1,0 п. л.). Тираж 12 000 экз.

Цена 4 коп.

Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата,
480091, проспект Коммунистический, 105.
Заказ № 1023. Полиграфкомбинат Главно-
литографпрона Госкомитета Совета Минист-
ров КазССР по делам издательств, поли-
графии и книжной торговли, г. Алма-Ата,
ул. Пастера 39.